ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 29 шілде №2301-24-00-2/1749 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаиловаңың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Алуа» Ляззат Амангельдыевна Нигметова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі М.О.Қалабаева

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 23 мамырда мемлекеттік сатып алу туралы №62 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға №1 қосымшада көрсетілген «эстетикалық безендіру бойынша қызмет» көрсетуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 400 000 теңге, орындау мерзімі – Шартқа қол қойылғаннан кейін 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 8 маусымға дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, қызметтерді орындау бойынша әрекеттер жасалмаған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, тараптардың арасындағы шарт 2024 жылғы 11 шілдеде бір жақты бұзылғанын, талап қоюшымен басқа өнім берушімен шарт

жасақталып, міндеттеме орындалғанын айтып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 23 мамырда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №62 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға №1 қосымшада көрсетілген «эстетикалық безендіру бойынша қызмет» көрсетуге міндеттенген. Орындау мерзімі – 2024 жылы 8 маусымға дейін.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, аталған қызметтер мекеме үшін қажетті шара болғанын көрсетті.

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 05.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 10.10.2024, судья Дәуешова О. Ш., 16.10.2024
2301-24-3-1/1825

Казіргі танда, тараптардың арасындағы шарт бір жақты, бұзылып, талап қоюшымен басқа өнім берушімен шарт жасақталып, орындалғандығы анықталды.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

2. АК-тің 402-бабының 2-бөлігіне сәйкес, шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады.

АК-тің 401-бабының 2-бөлігіне сай, тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт: осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Шарттың 7.4.-тармақшасына сәйкес, қызмет көрсетуден бас тартқан немесе шарт бойынша Қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімімен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімақы) сомасын өндіріп ала отырып, осы Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы.

Сот талқылауы барысында Шарт 2024 жылғы 11 шілдеде талап қоюшымен біржақты бұзылған.

Істің мұндай тұрғысында, шартты бұзу туралы талапты қанағаттандыруға негіз болмауына байланысты, талаптың бұл бөлігі қанағаттандырудан бас тартылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Алуа» Ляззат Амангельдыевна Нигметованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, шартты бұзу туралы талабы ішінара қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Алуа» Ляззат Амангельдыевна Нигметова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Дәурешова О. Ш., 05.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 10.10.2024, судья Дәурешова О. Ш., 16.10.2024
2301-24-3-1/1825

Жеке кәсіпкер «Алуа» Ляззат Амангельдыевна Нигметовадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Әйгерім» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен жауапкер жеке кәсіпкер «Алуа» Ляззат Амангельдыевна Нигметовамен арасындағы шартты бұзу туралы талабы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 05.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.10.2024, судья Даурешова О. Ш., 16.10.2024

2301-24-3-1/1825